

**Лотерея ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызметке лицензия беру ережесін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 7 қазан N 1215 Бұйрық. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы                    м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 5                    ж ы л ғ ы                    3                    м а у с ы м д а ғ ы  
N 211 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

5. "Ұйымдар және лотерея өткізу бойынша қызметке берілетін лицензиялар ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 7 қазандағы N 1215 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 қазандағы N 942 тіркелген).

-----

"Қазақстан Республикасында лотерея (мемлекеттіктен ұлттықтан)басқа) ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 шілдедегі 939 Р990939\_ қаулысын орындау үшін **Бұйырамын:**

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасында лотерея (мемлекеттіктен (ұлттықтан)басқа) ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызметке Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің лицензия беру ережесі бекітілсін

2. Департамент құрылымында лицензиялау және бөлшек сауда желісінде салық салу бөлімін құру көзделіп, ҚР МКМ Өндірістік емес төлемдер департаментіне лицензия беру жөніндегі функция жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалу барысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Министрдің м.о.

" Б е к і т і л д і "

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік кіріс министрлігінің  
1999 жылғы 7 қазан

№ 1215 бұйрығымен

Қазақстан Республикасында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметке Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің лицензия беру

Ережесі

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 шілдедегі № 939 қаулысына сәйкес әзірленіп, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің уәкілеттігіне жатқызылған Қазақстан Республикасында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметке лицензия беру тәртібін айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және өткізудің жекелеген мәселелері "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы № 1328 Р981328\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі лицензия беру жөнінде уәкілетті орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі (бұдан әрі - Лицензиар) лицензияны белгіленген нысанда (№ 1 қосымша) береді.

II. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар

3. Лицензияланатын қызметпен айналысу құқығына лицензия осы қызмет түріне арнайы қойылатын талаптарға білік деңгейі сәйкес келетін субъектіге б е р і л е д і .

4. Лицензия алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттар тапсыруы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен нысанда (№ 2 қосымша) өтініш;
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалдық

куәландырылған

көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 шілдедегі N 939 қаулысымен белгіленген біліктілік талаптарына өтініш берушінің сәйкестігін растайтын құжаттардың түпнұсқасы;

өтініш берушінің қаржы жағдайы туралы аудиторлық қорытынды; лотереялар ұйымдастыру және өткізу жөнінде нұсқаулық және әдістемелік материалдың (жүлделік қорды құрау және бөлу тәртібі) бар екенін растайтын құжаттар; егер сатылған билеттер саны және басқа да жағдайлар оны өткізуге мүмкіндік бермесе, лотерея билеттері иелеріне (бір сәттік лотерея билеттері иелерінен басқа) соманы қайтару тәртібі; ойынға қатысу және нәтижелері, мерзімін көрсетіп ұтысты алудың негізгі ережелері туралы лотереяға қатысушыларға хабарлау тәртібі; сатуға шығарылған, сатылған және сатылмаған билеттерді есепке алу, сондай-ақ қолды болған билеттерді ойыннан шығару тәртібі; сатылмаған билеттерді (жою, басқа таралымдарда пайдалану) өткізу тәртібі; лотереялар өткізу шарттары.

лотереялар ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті өзіндік немесе жалға алынған материалдық-техникалық базаның бар екенін растайтын құжаттар.

4) лицензияланатын қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым сомасы түгел бюджетке енгізілгенін растайтын құжат;

5) Лицензиар бекіткен лотереялар өткізу шарттары (N 4 қосымша).

### III. Лицензия беру тәртібі

5. Лицензия лотереяның тек бір түріне беріледі, яғни Лицензиат лотереяның әрбір түріне жеке лицензия алуы тиіс. Лицензия ол берілген күннен бастап қызметтің бүкіл кезеңіне беріледі.

6. Лицензия алуға өтінішті барлық қажетті құжаттарымен қоса өтініш келіп түскен күннен бастап Лицензиар міндетті түрде тіркеуге тиіс.

7. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша Лицензиар бір ай мерзімнен кешіктірмей лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

Осы шешімді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі жұмыс комиссиясы мүшелерінің дауысқа салу (жай дауыс көпшілігі) нәтижесі бойынша қабылданады. Комиссия мыналардан құралады:

- ҚР МКМ-нің Заң департаментін қадағалайтын вице-министр - комиссия төрағасы;

- ҚР МКМ-нің Өндірістік емес төлемдер департаментін қадағалайтын вице-министр - комиссия төрағасының орынбасары;

- ҚР МКМ-нің Өндірістік емес төлемдер департаментінің директоры - комиссия мүшесі;

- ҚР МКМ-нің Заң департаментінің директоры - комиссия мүшесі;

- ҚР МКМ-нің Өндірістік емес төлемдер департаменті бөлім бастығы -

к о м и с с и я м ү ш е с і ;

- ҚР МКМ-нің Өндірістік емес төлемдер департаменті бас маманы - комиссия х а т ш ы с ы .

Егер дауыс беру нәтижесінде жұмыс комиссиясы мүшелерінің дауыс саны тең болса, жұмыс комиссиясының төрағасы дауыс берген нұсқа бойынша шешім қ а б ы л д а н а д ы .

8. Лицензиардың лицензия беру туралы шешімі жазбаша қорытынды түрінде ресімделіп, ол толтырылған Лицензиямен Министрге қол қоюға беріледі.

9. Лицензия бір данада ресімделеді.

10. Лицензия иесі бұл туралы Лицензиарға бір ай бұрын хабарлап, одан бас т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

11. Оның тұжырымдамасы мен технологиясын өзгертпейтін лотерея шарттарын өзгерту қажет болса, ұйымдастырушы лотереяны өзгерген шарттарын қайта тіркеуге міндетті.

IV. Лицензия беруден бас тарту

1 2 . Е г е р :

1) заң актілерінде субъектілердің жекелеген санаттарына осы қызмет түрімен а й н а л ы с у ғ а т ы й ы м с а л ы н с а ;

2) Лицензия алу үшін қажетті құжаттар (осы Ереженің II тарауы) тапсырылмаса (немесе толық тапсырылмаса). Өтініш беруші аталған кемшіліктерді жойса, осы Ереженің III тарауына сәйкес жалпы негізде қаралады;

3) Қазақстан Республикасында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа ) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмесе, лицензия берілмейді.

13. Лицензия беруден бас тартылса, өтініш берушіге лицензия беруге белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

V. Лицензияның күшін тоқтату

14. Мынадай жағдайларда лицензия өз күшін тоқтатады:

1) лицензия қайтып алынса:

2) заңды тұлға кәсіпкерлік қызметін тоқтатса, қайта ұйымдастырылса немесе т а р а т ы л с а :

3) осы қызмет түрін жүзеге асырушы тұлғаға (тұлғаларға) қатысты қ ы л м ы с т ы қ і с қ о з ғ а л с а .

15. Лицензия күшін тоқтатса, Лицензиар мынадай деректер бар хабарлама т а п с ы р а д ы :

- Лицензиат атауы;
- басшысының тегі мен аты-жөні;
- салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- хабарландырылған күні;

- лицензия күшін тоқтату жөніндегі себептерді негіздеу;

- шағым беру тәртібі.

16. Лицензиар жіберетін кез келген хабарлама немесе басқа да құжаттар:

- фирмалық бланкіде жазбаша түрде жасалуы;

- лауазымды адамның тегі мен аты-жөнінің бас әріптері көрсетілген қолы қ о й ы л у ы ;

- почтамен жіберілуі немесе Лицензиатқа жеке тапсырылуы тиіс.

17. Хабарлама Лицензиатқа жеке тапсырылуы мүмкін. Сонымен қатар, егер құжат Лицензиаттың ресми мекен-жайына не басқа мекен-жайына тапсырыстық почтамен жіберілсе, Лицензиар құжатты тапсыру туралы талаптарды орындады деп саналады. Почта хабарламаны тапсырған күн Лицензиаттың хабарламаны алған сәті, ал құжаттың тапсырылуы фактісін почтадан Лицензиар алған күн Лицензиатқа хабарлама тапсырылуы фактісін Лицензиардың тануы болып табылады.

VI. Лицензияны қайтарып алу және оның күшін тоқтату

18. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мынадай жағдайларда лицензия сот тәртібімен қайтарып алынуы мүмкін.

1) егер оған лицензия алынған лотерея ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті Лицензиат үш ай қатарынан жүзеге асырмаса;

2) Лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаса;

3) Қазақстан Республикасында лотереялар (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа ) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға сот Лицензиатқа т ы й ы м с а л с а ;

4) олар бойынша Лицензиар лицензия күшін тоқтатқан себептер жойылмаса;

5) Лицензиат лицензия алу кезінде көпе-көрінеу жалған ақпарат берсе.

19. Лицензиат күшін тоқтату рәсімі осы ереженің V тарауы 14, 15, 16-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Лицензиар күшін тоқтату себептерін көрсетіп, алты айға дейін мерзімге лицензия күшін тоқтатуға құқылы.

21. Лицензиат лицензия күшін тоқтату туралы шешімге сот тәртібімен шағым б е р у г е құ қ ы л ы .

22. Олар бойынша лицензия күші тоқтатылған себептер жойылғаннан кейін лицензия күші Лицензиардың жазбаша рұқсаты алынғаннан кейін жаңғыртылады

VII. Есепке алу және бақылау

23. Лицензиар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1196 Р971196\_ қаулысына сәйкес бланкілер дайындауға тапсырыс береді, сондай-ақ лицензия бланкілерін есепке алу мен сақтауды жүзеге асырады.

24. Лицензиар қоса берілген нысанда лицензияларды тіркеу кітабын жүргізеді

, онда лицензиаттар туралы мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ берілген, күшін тоқтатқан, қайтарып алынған лицензиялар мен күші тоқтата тұрылған лицензиялар тіркеледі (N 3 қосымша).

Лицензияларды тіркеу кітабы міндетті түрде нөмірленіп, Лицензиар мөрінің таңбасымен бекітілуі және бірінші басшысының қолымен куәландырылуы тиіс.

25. Лицензиар лицензияларды есепке алу, сондай-ақ лицензия ережелері сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

26. Лицензиаттардың лицензиялық заңдар талаптарын сақтауын тексеруді Лицензиар, сондай-ақ оның тапсырмасымен аумақтық салық органдары жылына бір мәртеден асырмай жүргізеді.

### ҮІІІ. Қорытынды ереже

27. Осы Ереже, сондай-ақ кейін оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Әдістеме Кеңесінде келісілуі тиіс.

### Мемлекеттік лицензия

(заңды тұлғаның толық атауы) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ айналысуға  
("Лицензиялау туралы" заңды күші бар, Қазақстан Республикасы

Президентінің Жарлығына сәйкес қызмет түрінің (іс-әрекет) атауы) \_\_\_\_\_ берілген

Лицензия қолданылуының айрықша жағдайлары \_\_\_\_\_  
("Лицензиялау туралы"

заңды күші бар, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының

4 - б а б ы н а с ә й к е с )

Филиалдары, өкілеттері \_\_\_\_\_  
(орналасқан жері, реквизиттері)

Лицензия берген орган \_\_\_\_\_  
(лицензиялау органының толық атауы)

Басшысы (уәкілетті адам) \_\_\_\_\_

(лицензияны берген орган басшысының уәкілетті адамының аты-жөні)

Лицензия берілген күні "\_\_\_"\_\_\_\_\_199\_\_ж.

Лицензияның нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қаласы

N 1900021

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

Кіріс министрлігі

(лицензиялау органының толық атауы) \_\_\_\_\_

-----  
(заңды тұлғаның толық атауы)

Өтініш

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында (іс-әрекет) аумақта немесе ҚР аумағынан тыс) лотерея (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру мен өткізуге лицензия беруіңізді сұраймын.

(қызмет түрін көрсету)

Ұ й ы м            т у р а л ы            м ә л і м е т :

1. Меншік нысаны \_\_\_\_\_

2. Құрылған жылы \_\_\_\_\_

3. Тіркелгені туралы куәлік \_\_\_\_\_

4. Мекен-жайы \_\_\_\_\_

(индекс, қала, аудан, облыс, көшесі, үйдің N телефон, факс)

5. Есеп айырысу шоты \_\_\_\_\_

(Шот N Банктің атауы мен орналасқан жері)

6. Филиалдары, өкілдіктері \_\_\_\_\_

(Орналасқан жері және деректемелері)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 тамыздағы N 939 қаулысына сәйкес қоса берілген құжаттардың толық тізбесі.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

(аты-жөні)

М ө р            о р н ы

199\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өтініш 199\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ карауға қабылданды. \_\_\_\_\_

-----  
(қолы, лицензиялау органы жауапты адамының аты-жөні)

N 3 қосымша

-----

№ р/с!Лицензиат атауы! Мекен-жайы!Өтініштің тіркелу!Лицензия №,Алушыға  
күні,кіріс нөмірі қойылған берілген  
к ү н і к ү н і ,  
қ о л ы

---

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

---

№ 4 қосымша  
Лотерея ұйымдастыру және өткізу

- (заңды тұлғаның толық атауы, СТТН)  
Лотерея өткізу шартында мынадай мәліметтер болуы тиіс:
1. Лотерея түрі мен тұрпатын сипаттау
  2. Лотереяны ұйымдастыру технологиясын сипаттау
  3. Лотерея билеттері басылымының жалпы сомасы
  4. Билеттер саны, олардың нөмірлері
  5. Әр түрінен бір билеттің құны ұтыс ойының соңына дейін тұрақты  
с о м а с ы б о й ы н ш а т е ң г е
  6. Заттай ұтыстар атауы, олардың саны мен құны
  7. Алынған ұтыстар саны мен сомасы
  8. Алынған ұтыстар тәртібі мен мерзімдері
  9. Заттай ұтыстар иелеріне өз еркімен құнын қолма-қол ақшамен алу  
қ ұ қ ы ғ ы н ұ с ы н у
  10. Сатуға шығарылған сатылатын және сатылмаған билеттерді есепке  
а л у т ә р т і б і
  11. Талап етілмеген ұтыстарды сақтау және оларды ұтыстарды алу  
мерзімі өткеннен кейін талап ету тәртібі.
  12. Бақылау жасайтын органға құжаттаманы көрсету тәртібі
  13. Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін лотерея өткізу  
мерзімдері мен орнын лицензиялаушы органмен келісім бойынша оның  
ұйымдастырушылары айқындайды.

Басшы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)

М ө р о р н ы

199\_\_ жылғы"\_\_"\_\_\_\_\_



